




## 1. Библия

Жарнаманы қажет етпейтін ең көп оқылатын кітап – ол әрине Библия.

Бұл - әр мезгілде өмір сүрген авторлар тобы жазған, жалғыз кітап. Бұл қасиетті жазуға 4000 жылға жуық, кітап әлемнің 2000 тіліне аударылған, Библияның жалпы сатылған данасы 3,9 миллиардты құрайды.



## 2. «Мао Цзэдунның дәйексөздері», Мао Цзэдун


1996 жылы жарық көрген кітаптың аты өзі айтып тұр не жөнінде екенін. Жинаққа Қытай Халық Республикасының көшбасшысы Мао Цзэдунның 427 дәйексөзі енген. Мао билік жасап отырған кезде Қытай Халық Республикасының әрбір тұрғыны көшбасшының дәйексөздерін зерделеп оқуы (ал кейбіреулерін жатқа білуі) және бұны күн сайын тіпті жұмыс уақытында істеуі қажет болатын. «Қызыл кітапша» немесе «Дәйексөздік» деп те аталған бұл кітапта жинастырылған пікірлер бойынша барлық мәселелер мен міндеттерге жауап іздеуге мүмкіндік береді.

- ▶ «Қызыл кітапшаның» жалпы тиражы 820 миллион дананы құрады. Мао қайтыс болғаннан кейін ғана (1976 жылғы 9 қыркүйек) «Дәйексөздікті» жаппай зерделеу тоқтатылды, ал оның көптеген даналары антикварлық дүкендерден орын алды.

### 3. «Гарри Поттер», Джоан Роулинг

1997 жылдың жазында авторы ешкімге белгісіз, кейін бүкіл әлемге атақты болған (және ағылшын Королевасынан да ауқатты!) Джоан Роулингтің (Joanne Katheline Rowling) «Гарри Поттер және философиялық тас» атты алғашқы романы жарық көрді. Кейін жылдар өткен сайын Джоан жас оқырмандарды ғана емес, ересек аудиторияны да жетім бала Гарри Поттер жөніндегі романдар легімен қуанытып отырды. Ол бала сиқыршылық қабілетке туғанынан ие болған еді.

11 жасында Хогвартс мектебінің Гриффиндор факультетінің оқушысы болған Гарридің басынан талай оқиға өтті, ал олардың барысын бүкіл әлемдегі осы романның жанкүйерлер армиясы бар ықыласпен қадағалап отырды. Гарри Поттер туралы 8 кітаптың тиражы 400 миллион дананы құрады. Ал Джоан Роулинг көптеген әдеби сыйлықтар иегері болып, Британ Империясының орденімен марапатталды.



#### 4. «Сақина әміршісі», Дж. Р. Р. Толкиен

Дж. Р.Р.Толкиеннің (John Ronald Reuel Tolkien) осы аттас романының мотиві бойынша түсірілген «Сақина әміршісі» атақты фильмін көрмеген адам кемде-кем шығар. Бұл роман хоббит Бильбо Бэггинсті алғаш рет кездестірген бұрын жазылған «Хоббит» балалар тарихының жалғасы ретінде ойластырылған.

Автордың түпкі ойы бойынша Бильбо жаңа романның бас кейіпкері болуы керек. Кейін Толкиен Бүкіл биліктің сиқырлы Сақинасы және жерортада бейбітшілік үшін күрес жөнінде аңыз әңгіме жазуды шешті, міне сонда Бильбоны салмақты кейіпкермен ауыстыру қажеттілігі туындады. Нәтижесінде ол персонаж - Бильбоның жиені Фродо Бэггинс болды.


Кітап өте ауқымды болғандықтан баспаханалар оны қабылдаудан бас тартып, автордан кітапты бірнеше бөлімге бөліп тастауды сұрады. Бастапқыда Толкин келіспей, кітапты бір томдық түрде басуға көнетін баспа іздеуге талпынды, соңында оның көнуіне тура келді. Сөйтіп, 1954 жылы 3 бөлімді кітап жарық көрді: «Сақиналар ағайындығы», «Екі бекініс» және «Корольдің қайтуы». Роман 103 миллион данамен тарады.



## 5. «Алхимик», Пауло Коэльо


Пауло Коэльоның (Paulo Coelho) романы Андалусияның малшысы Сантьягоның жиһан кезуі жөнінде әңгімелейді, оның саяхатының бір ғана мақсаты бар – ол өзі түсінде көрген египед пирамидалардың қазынасын табу. Өзінің арманына жету жолында Сантьяго көптеген бөгеттерді жеңуіне тура келді, бірақ ол барлық сынақтардан ең құнды байлық – өмірлік тәжірибеге ие бола отырып, абыроймен өтеді. Ол саяхат барысында даналыққа ие болады да, өмірдің шынайы мәні неде екенін түсінеді.

Соңында жас жігіт өзінің саяхатын бастаған Португалияға, туған үйіне қайтып келеді... міне осы жерде ол іздеген қазынасын табады. 1988 жылы жазылған «Алхимик» романы әлемнің 117 астам елінде жарияланып, 67 тіліне аударылды. Сатылған кітаптар саны 65 миллион дананы құрады.




## 6. «Код да Винчи», Дэн Браун


Детективтің бас кейіпкері Роберт Лэнгдонның алдында тұрған тапсырма оңай емес – ол Витрувиандық адам бейнесінде өлі табылған Жак Соньер, Лувр кураторын өлтіру оқиғасының түйінін шешу керек. Кісі өлтіру құпиясын ашып, оны кім істегенін білу үшін Роберт Леонардо да Винчидің бірқатар жұмыстарын зерделейді. Кейінірек өлтірілген адамның немересі – Софи Невені кездестірген соң, олар бірлесе отырып, осы іске кіріседі. Дэн Браунның (Dan Brown) романы 2003 жылдың сәуір айында жарық көрді. Кітап әлемнің 44 тіліне аударылған, ал оның басылымы 57 миллион дананы құрады. Романның мотиві бойынша осы атпен жанжалды «Код да Винчи» фильмі түсірілді. Бұл фильмді көрсетуге көптеген елдерде тыйым салынды, ал Мәскеуде премьерә күні наразылық акциясы өтті.



## 7. «Ымырт. Сага», Стефани Майер

Роман идеясы оның авторы 29 жасар үй шаруасындағы әйел және үш ұлдың анасы Стефани Морган Майердің (Stephenie Morgan Meyer) түсіне кірген. Үш айдан кейін (2005 жылдың күз айында) негізінен жастарға арналған қансорғыштар туралы фэнтези стиліндегі роман жазды. Романның сюжеті бойынша бас кейіпкер Белла жануарлардың қанымен қоректенетін қансорғыш Эдвардқа ғашық болады, ол жөнінде бойжеткен кейінірек біледі. Содан оқиғалар барысы бойынша Белла адам қанымен қоректенетін басқа да қансорғыштарды кездестіреді, олар кейін қызға аңшылықты бастайды. Стефани Майердің романы талай рет сынға алынса да, ол авторға керемет табыс әкелді, роман әлемнің 37 тіліне аударылып, 43 миллиард данамен сатылды. Роман сюжеті бойынша түсірілген фильмнің кассалық жиналымы \$ 384997808 құрады.






## 8. «Жел айдап әкеткендер», Маргарет Митчелл

«Ертең – басқа күн» - алғашқыда Маргарет Митчеллдің (Margaret Munnerlin Mitchell) романтикалық драмасын осылайша атау жоспарланған еді. Бұл шығарма өкінішке орай, Маргарет Митчеллдің кездейсоқ мерт болуы салдарынан (автомобиль авариясынан соң қаза болды) оның жалғыз ғана шығармасы боп қалды. Бала кезінен-ақ, Маргарет азамат соғысын бастарынан өткерген ата-анасының естелік әңгімелерін тыңдағанды ұнататын. Кейін Маргареттің балалық шақтағы естеліктері және басқа да өміріндегі болған оқиғалар 1936 жылдың жазында жарық көрген «Жел айдап әкеткендер» кітабына негіз болды. Бір жылдан кейін кітапқа Пулитцеровтік сыйақы тағайындалды. Роман мотиві бойынша түсірілген фильмнің премьерасы 1939 жылы көрсетіліп, 8 Оскар премиясына ие болды. Ал кітап 33 миллион дана тиражбен таратылды.





## 9. «Ойлан да ауқатты бол», Наполеон Хилл

Әлі студент бола тұра, Наполеон Хилл (Napoleon Hill) университеттегі оқуына ақы төлеу үшін журналист болып табыс табуына мәжбүр болды. Сол кезде-ақ, ол көптеген әйгілі адамдардың назарына іліккен тамаша мақалаларын жаза отырып, өзінің жарқын қабілетін көрсете білді. Сөйтіп Роберт Л.Тэйлордың тапсырысы бойынша жас журналистке Американың табысты және әйгілі адамдарының карьерасы жөнінде мақала серияларын жазу тапсырылды. Хиллдің алғашқы әңгімелескен адамы Эндрю Карнеги болды. Олар 1908 жылы кездесті, бұл кездесу бозбаланың тағдырына зор әсер етті.

Тура 20 жылдан соң (1928 жылы) Наполеон Хилл табыстың эмбебап формуласына арналған кітаптың алғашқы нобайы арқасында атақты болды. Міне осы идеяны табыс формуласын қалай жасауды – өздерінің әңгімелесуі кезінде қалжың түрінде айтқан еді. Содан Наполеон Хилл бұл идеяға тістеп қарысты. 20 жыл тер төге еңбектене отырып (осындай мерзімде атақ келетінін Карнеги бозбалаға көріпкелдікпен айтқан еді) оқырмандардың назарына ұсынды, онда адам қызметінің қай саласында болмасын табысқа жетудің 13 қадамы туралы жазылған. Кітап 30 миллион данамен таратылды да, әйгілілігі бойынша ақырғы 50 жыл ішінде ең көп оқылатын кітаптардың арасында 9-орынға ие болды.

- ▶ Қазақстандық атақты жазушымыз Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі соңғы кезде сәнге айналған осы шығармалармен қатар тұр. Бұл повесть 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясында экрандалған болатын. Қазақ, орыс және басқа да тілдерде жарық көрген.

